

**Жаңақала аудандық мәслихатының 2008 жылғы 23 желтоқсандағы N 9-7 " Табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі туралы Қағидасын бекіту" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Батыс Қазақстан облысы Жаңақала аудандық мәслихатының 2009 жылғы 22 қазандағы N 15-3 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданы әділет басқармасында 2009 жылғы 18 қарашада N 7-5-100 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жаңақала аудандық мәслихатының 2010 жылғы 15 сәуірдегі N 21-10 шешімімен.

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жаңақала аудандық мәслихатының 2010.04.15 N 21-10 Шешімімен.**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңдарын басшылыққа ала отырып, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. "Табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі туралы Қағидасын бекіту" Жаңақала аудандық мәслихатының 2008 жылғы 23 желтоқсандағы N 9-7 шешіміне (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 7-5-81 тіркелген, 2009 жылғы 21 ақпандағы "Жаңарған өңір" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Қағиданың 2 бөлімінің 8-тармағындағы " көмегін алу құқығынан айырылады" деген сөздер "көмегі тағайындалмайды" деген сөздермен ауыстырылсын;

9-тармағындағы "құқы" деген сөз алынып тасталсын;

4 бөлімнің 17-тармағындағы "ақпаратты беруге міндетті" деген сөздер " ақпарат беріледі" сөздерімен ауыстырылсын.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Аудандық мәслихат хатшысы*

*С. Хайрбеков*

*Р. Саматов*